

# Құқықшығармашылық қызметінің кезеңдері



*Құқықшығармашылық — пісіп жетілген қоғамдық даму қажеттіліктеріне сәйкес, нормативтік құқықтық актілерді жасау мен қабылдау бойынша мемлекеттік органдар мен өкілеттелген қоғамдық, ұйымдардың ғылыми негізделген шығармашылық қызметі. Құқық шығармашылық – бұл мемлекет органдардың заңи нормалары қабылдау, өзгерту және жоюмен байланысты қызметі.*



**Құқықшығармашылық субъектісі ретінде тиісті өкілеттігі бар мемлекеттік органдар мемлекеттік емес құрылымдар, сондай-ақ референдумда заң қабылдаған кезде азаматтар бола алады. Құқықшығармашылық қызмет конституция, заңдар және регламентпен белгіленген көлемде жүзеге асады. Құқықшығармашылық жаңа құқық нормасын қабылдаумен өзгерістер мен түзетулер енгізу арқылы ескі заңдарды жетілдірумен сипатталады**



## Құқықшығармашылықтың белгілері:

- ✓ ол белсенді, шығармашылық мемлекеттің қызметі;
- ✓ оның негізгі өнімі
- ✓ құқық нормалары;
- ✓ бұл қоғамды басқарудың маңызды құралы;
- ✓ құқық шығармашылықтың деңгейі және мәдениеті, қабылданған нормативтік актілердің саласы – бұл қоғамның өркениетінің және демократиялығының бір белгісі.



**Құқық шығармашылықтың  
қағидаттары – бұл  
құқықтық нормаларды  
қабылдау, жою немесе  
ауыстырумен байланысты  
қызметтің негізге алушы  
идея, бастаулар, ережелер,  
құқықты шығаратын  
органдар үшін бағыт.**



*Құқық шығармашылыққа келесі қазидаттар тән:*

- 1) ғылымдық;*
- 2) кәсібилік;*
- 3) заңдылық;*
- 4) демократиялық;*
- 5) ашықтық;*
- 6) жеделділік.*



Құқық шығармашылық субъектілеріне байланысты келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) референдум жүргізу барысында халықтың тікелей құқық шығармашылығы;
- 2) мемлекет органдардың құқық шығармашылығы;
- 3) жекелеген лауазымды тұлғалардың құқық шығармашылығы;
- 4) жергілікті өзін - өзі басқару органдарының құқық шығармашылығы;
- 5) локальді құқық шығармашылық;
- 6) қоғамдық бірлестіктердің құқық шығармашылығы.



**Құқық шығармашылық мәніне байланысты келесі түрлерге бөлінеді:**

- заң шығармашылық (жоғарғы өкілдік органның құқық шығармашылығы);**
- құқық шығармашылықты тапсыру (Парламенттің тапсырысы бойынша атқарушы органның норма шығармашылық қызметі);**
- заңға тәуелді құқық шығармашылық - бұнда норманы Президент, Үкімет, министрлік, жергілікті органдардың ұйым жетекшілерінің қабылдауы.**





# **Құқық шығармашылық қызметі екі негізгі бөліктен тұрады:**

*бірінші, әрекеттік заңи мәнінен тәуелсіз құқық шығармашылықтың ұйымдастырушылық мәселелерінен тұрады (заң жобасын дайындау, оны талқылау). Бұнда заңның жобасын дайындауда мемлекет еркін алдын ала қалыптастыруды көздейді.*

*екінші, құқықтық бастауларға негіз болады, заң жобасын дайындау туралы шешімді қабылдаумен байланысты. Заңда мемлекеттің еркі ресми бекітіледі де, заң жобасы жалпыға міндетті құқықтық актіге айналады.*

